**Алматы облысы Балқаш ауданы «Бірлік орта мектебі» мкм**
**2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты өтетін жалпы**
**«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының**
**ХАБАРЛАМАСЫ**

**тамаз - қыркүйек**

«Мектепке жол» акцияның жалпы мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңның 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Білім және ғылым министрлігінің 2019жылғы шілде айының 5-нен басталып, 30-шы қыркүйекке дейін жалғасын табуда. Осы жылы ауылымыздың «Бірлік»АФ демеушілігімен жетім, жартылай жетім, әлеуметтік отбасы төмен және көп балалы отбасынан жалпы соммасы 62 000теңгеге 15 оқушыға мектепке керекті құрал-жабдықтармен қамтамассыз етілді.

Акция ары қарай жалғасын «Балалардың игілігі үшін!» деген тақырыппен қыркүйек айының 15-ші жұлдызында ауылымызыдың кәсіпкері Айбекова Айгүл Мелисовна көпбалалы отбасылар тізімінен 1 оқушыға 6500 теңге көлемінде спорттық кимін беріп қуантты.

Биылғы жылы мектепте тұл жетім 1 оқушы, жартылай жетім 17отбасыдан шыққан 24 оқушы, аз қамтылған 15 отбасыдан шыққан 18 оқушы, көп балалы отбасыдан 109 оқушы 54 отбасыдан, үйден оқытылатын 3 оқушы. Олар: Самғатұлы Жарқын 7а сынып Әділханов Сайран 8а сынып, Ермекұлы Наурызбай 7а сынып. Бұл оқушылар денсаулығына байланысты облыстық психолого-медико-педагогикалық консультациясының анықтамасы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен үйден окытылады.

Халқымыз қашанда өз қанынан жаралған ұрпағын жатқа бермейтіндігімен ғана емес, өзгенің де жетім қалған көгенкөздерін де бауырына басып, жүрек жылуын аямайтын дархан көңілімен де ерекшеленген. Соның бір дәлелі біздің ауылымыздағы қамқоршы кәсіпкерлер көңіл толтыратын тірліктері көп. Соңғы екі-үш жылда бір емес бірнеше баланы өз қарауына алып, өзгесін деп өзекке теппей, ошағының жылуымен бөлісіп отырған отбасылар көп. Осындай мейірімі мол жандар көбейе берсін деген тілекпен бүгінгі хабарламаға жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасы оқушыларына ауыл кәсіпкерлері тарапынан жаңа жыл қарсаңында көрсетілген көмектері туралы қуанышты жағдаймен бөлісемін.

29.12.2020ж. күні ауылымыздың кәсіпкері Мелісова Айгүл жылы күртешені әкесінен ерте айырылған Талғатқызы Мөлдірге кигізіп қуантты.

1а сыныбында оқитын, аз қамтылған отбасыларымыздың бірі Падгорная Анастасияға мектеп мұғалімдері Естаулетова Жадыра апай мен Оспанова Айнұр апайлар жылы күртеше бас киім, шәлісімен табыстаса, ауыл кәсіпкері Алшатаева Нескен апамыз жылы гамаж, футболкасын берді.

4а сынып оқушысы Нарманбет Аяулым мен 1а сынып оқушысы Тайыров Амирге кәсіпкер Болатова Сымбат спорттық киім, жылы носкимен берді.

«Өзипа» дүкеннің иесі Төлегенова Мәкен 1а сынып оқушысы Сағымбекова Аяулымға жылы бас киім, етік, шәлісімен берді.

Әкесінен ерте айырылған Маратқызы Таңшолпан 4а сынып оқышысына кәсіпкер Ғани Мөлдір жылы күртеше бас киімімен табыстады.

7а сынып оқушысы денсаулығына байланысты үйден оқытылатын Ермекұлы Наурызбайға және аз қамтылған отбасынан шыққан Несіпбекова Күнәйға «Аяжан» дүкенінің иесі Жиенбаева Марал қыстық етік пен спорттық киім берді.

Анасынан ерте айырылған Туребаева Ақерке 10а сынып оқушысы мен 11а сынып оқушысы Ғани Анелге кәсіпкерлер Надирбекова Айжан мен Тоқтыбаев Мұрат екі қызға жылы күртеше беріп қуантты.

Денсаулығына байлансыты үйден оқытылатын оқушыларымыздың бірі Самғатұлы Жарқын 8а сынып оқушысы мен Адилханов Сайранға кәсіпкерлер Құрмашова Дамира қыстық жылы күртеше берсе, Толқынбекова Ғалымкүл қыстық аляска етік пен, жылы жемпір алып берді.

Мектебімізде 10ә сынып оқушысы Таңсықбай Диляра тұл жетім. Бұл оқушыға өзінің қамқоршысы кәсіпкер Досмағанбетова Гүлжан 30 000 т. (отыз мың теңге) көлемінде қыстық киімдерімен жабдықтады. Мақсаты: әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу.

Ауылымыздың кәсіпкері Базарқұлова Гүлайман бес оқушыға әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсетуге, көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларына көмек қолын созып, жақсылығын аямады.

Мектепке 12.12.2020ж. жұлдызы күні ЖБМБК есебінен арнайы атаулы көмек алатын отбасыларының оқушыларына спорттық киім, красовки және мектеп сөмекесі құралдары берілді. АСП отбасы саны -9; мектеп жасындағы бала саны -16.

Биылғы жылы АСП отбасы саны-7; бала саны-17. ЖББМ көмекке берген оқушы саны -15; Бірлік АФ демеушілігімен -19 оқушыға көмекке беріп отырмыз.

**Таныстырған әлеуметтік педагог: Д.Қ.Қаиргали**